

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2020 жылғы 03 маусымда
жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары Р.В. Склярға

Депутаттық сауал

Құрметті Роман Васильевич!

Халықпен және биліктің жергілікті атқарушы органдарымен кездесулер кезінде еліміздің шағын және моноқалаларында қалыптасқан тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы проблемалық мәселелер жиі айтылады.

Елді мекендерде апатты және тозығы жетіп ескірген тұрғын үйлер санының көбеюі және оларда тұратын тұрғындардың қауіпсіздігі мәселелері халықтың және жергілікті атқарушы органдардың ерекше алаңдаушылығын туғызуда.

Айталық, алынған ақпаратты талдау Қазақстанның ірі қалаларындағы, шағын және моноқалаларындағы белгілі бір жетістіктерге қарамастан, апатты және ескірген тұрғын үйлерді жою проблемасы бұрынғысынша өте өткір мәселе болып тұрғанын және Үкіметтің **ерекше назарын** талап ететінін айғақтап отыр.

Ресми ақпарат бойынша 2019 жылы Қазақстанда **1,3 мың** көппәтерлі үй апатты жағдайда деп танылған, олардың біраз бөлігі еліміздің шағын және моноқалаларында орналасқан.

Мәселен, Қарағанды облысында көппәтерлі апатты үйлер Қаражал, Жезқазған, Теміртау, Приозерск, Сәтбаев қалаларында орналасқан. Мысалы, Жезқазғанда қазіргі уақытта 25 апатты үй бар, олардың 16-сы бұзылуға жатады. Жүздеген тұрғындар авариялық тұрғын үйде тұрып жатыр, яғни олар күн сайын өз өмірін қатерге тігіп отыр. Мұндай тұрғындардың басым бөлігі зейнеткерлер, аз қамтылған азаматтар немесе мүгедектер болып табылады.

Облыстың моноқалаларындағы **ескі** тұрғын үйдің саны бүкіл тұрғын үй қорының **үштен** бір бөлігіне жетіп отыр!

Мұндай жағдай шұғыл шешімді талап етеді.

Шағын қалаларда экономикалық ынталандырудың әлсіз болуы Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы мен «Нұрлы жер» бағдарламасында көзделген тетіктерді кеңінен пайдалануға мүмкіндік бермейтінін атап өту қажет.

Мәселен, халықтың сатып алу қабілетінің шектеулілігін ескере отырып, Алматы, Атырау, Павлодар сияқты қалаларды қайта жаңартудың табысты тәжірибесін қолдану мүмкін емес, бұл ретте апатты үйлердің тұрғындары «метрден метрге» қағидаты бойынша жаңа пәтерлерге көшірілуде. Моноқалалар халқының сатып алу сұранысының шектеулілігіне байланысты құрылыс компаниялары үшін бұл объектілер экономикалық тұрғыдан құнды болмай отыр.

Апатты және ескірген үйге жұмсалған қаражаттың қайтарымдылығы негізінде оларға **күрделі жөндеу** жүргізу жобалары да моноқалалардың әлеуметтік және экономикалық құрылымының күрделі болуына орай қиындықтарға тап болуда. Тұрғындар алдағы уақытта жүргізілген жөндеу жұмыстарын төлей алмайтыны айқын.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, құрметті Роман Васильевич, азаматтардың қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз ету және елдегі ескірген және апатты тұрғын үй қорын жоюдың маңыздылығын ескере отырып, Сізден:

1. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы және «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасы бойынша іске асырылған шағын және моноқалалардағы апатты және ескі үйлерді жою жөніндегі шаралардың тиімділігіне талдау жүргізуді;

2. Шағын және моноқалалардағы апатты және ескі тұрғын үйлерді жою жөнінде салалық бағдарлама әзірлеудің орындылығы мәселесін қарауыңызды сұраймын.

Қабылданған шешім туралы заңда белгіленген мерзімде хабардар етуіңізді сұраймын.

**Құрметпен,
депутаттар,
«Nur Otan» партиясы
фракциясының мүшелері**

**А. Қожахметов
Н. Әбдіров
Н. Дулатбеков**

Орын:Әшімова Н.
746752

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

Оглашен 03 июня 2020 года

Заместителю
Премьер-Министра
Республики Казахстан
Скляр Р.В.

Депутатский запрос

Уважаемый Роман Васильевич!

На встречах с населением и местными исполнительными органами власти часто озвучиваются проблемные вопросы в области жилищно-коммунального хозяйства, сложившиеся в малых и моногородах страны.

Особенную обеспокоенность населения и местных исполнительных органов вызывают вопросы роста **аварийного и ветхого жилья** в населенных пунктах и безопасность проживающих в них жителей.

Так, анализ полученной информации свидетельствует о том, что проблема ликвидации аварийного и ветхого жилья, несмотря на определенные успехи в крупных городах, в малых и моногородах Казахстана по-прежнему стоит очень остро и требует **особого внимания** Правительства.

По официальной информации в 2019 году в Казахстане признаны аварийными **1,3 тысячи** многоквартирных домов, немалая часть которых находится в малых и моногородах нашей страны.

Так, в Карагандинской области многоквартирные аварийные дома находятся в городах Каражал, Жезказган, Темиртау, Приозерск, Сатпаев. Например, в Жезказгане в настоящее время 25 аварийных домов, из них 16 подлежат сносу. Сотни жителей ежедневно подвергают свою жизнь риску, проживая в аварийном жилье. Значительная часть таких жителей являются пенсионерами, малообеспеченными гражданами или инвалидами.

Количество **ветхого** жилья в моногородах области доходит до **трети** от всего жилого фонда!

Ситуация требует срочного решения.

Необходимо отметить, что слабость экономических стимулов в малых городах не позволяют широко использовать механизмы, предусмотренные государственной программой развития регионов до 2020 года и программы «Нұрлы жер».

Так, учитывая ограниченность покупательской способности населения, практически невозможно применить успешный опыт реновации таких городов как, Алматы, Атырау, Павлодар, при которых жителей аварийных домов переселяют в новые квартиры по принципу «метр на метр». Для строительных компаний данные объекты не представляют экономической ценности ввиду ограниченности покупательского спроса населения моногородов.

Проекты **капитального ремонта** аварийных и ветхих домов на основе возвратности затраченных средств также сталкиваются со сложностями из-за непростой социальной и экономической структуры моногородов. Жители просто не в состоянии в дальнейшем оплачивать проведенные ремонты.

В связи с вышеизложенным, уважаемый Роман Васильевич, учитывая важность обеспечения безопасного проживания граждан и ликвидации ветхого и аварийного жилого фонда в стране, прошу Вас:

1. Провести анализ эффективности мер по ликвидации аварийных и ветхих домов в малых и моногородах, реализованных по Государственной программе развития регионов до 2020 года и Государственной программе жилищного строительства «Нұрлы жер».
2. Рассмотреть вопрос целесообразности разработки отраслевой программы по ликвидации аварийного и ветхого жилья в малых и моногородах.

О принятом решении прошу проинформировать в установленные законом сроки.

С уважением,

**депутаты,
член Фракции партии «Nur Otan»**

**А. Кожаметов
Н. Абдиров
Н. Дулатбеков**

испол: Ашимова Н.
746752